

«БЕКІТІЛДІ»

«Виктория» СК» АҚ Директорлар кеңесі
2025 жылғы «13» наурыз № 07 Хаттама

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ СУ КӨЛІГІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы қ., **2025** жыл

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ	4
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.....	5
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	5
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ	6
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	7
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	10
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	10
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	11
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ.....	13
САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	13
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ	13
МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ	13
12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	14
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	16
14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.....	18
15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ	18
16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	18
17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	19

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Осы Заңның 6-бабының 3-тармағының 9), 10) және 11) тармақшаларымен көзделген Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру үшінші тұлғаларға залалды өтеуге міндетті залал келтірген тұлға көлік құралын пайдаланудың салдарынан залалды ішінара немесе толығымен өтеу мөлшерінде сақтандыру төлемдерін төлеуді қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығын, оған тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоса, білдіреді.

1.4. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай, Сақтандыру шартында осы Ереженің шарттарына сай келмейтін басқа шарттар белгіленуі де мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары Ереженің шарттарына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

1.5. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;

2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

3) сақтандыру полисі – Сақтандыру шарты жасалғанын растайтын, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) беретін атаулы құжат;

4) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;

5) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

6) Сақтандырылушы –соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

7) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

8) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

9) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты және шартсыз болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

10) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

11) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға;

- 12) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;
- 13) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының сақтандыру объектісі сипатталған және тәуекел сипаты баяндалған, басқа шарттармен қатар, белгілі бір сақтандыру объектісінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылған жазбаша рәсімделген құжаты;
- 14) су көлігі иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамамен белгіленген көлік құралын пайдаланудың нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келген зиянды өтеу бойынша жеке және заңды тұлғалардың міндеті;
- 15) су көлігі – әрі табиғи (мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдер), әрі жасанды (арналар, су қоймалары) су қатынас жолдары бойынша жүктерді (және/немесе) жолаушыларды тасымалдайтын көлік түрі. Кемелер – негізгі көлік құралы болып табылады;
- 16) су көлігінің (кеменің) иесі – меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оперативті басқару құқығында немесе кез келген басқа заңды негізде (Мүлікті жалға алу, жалдау, лизинг шартының негізінде және басқа) кемеге иелік ететін жеке және заңды тұлға;
- 17) жолаушы – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша түрде тасымалдау шартын жасаған жеке тұлға;
- 18) үшінші тұлға (жәбірленуші) су көлігін пайдаланудың нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) зиян келген тұлға, оның зиянын өтеу міндеті – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су көлігінің иесі ретінде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктелген. Сақтанушының өзі, оның жұмыскерлері, сондай-ақ сақтанушының атынан әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғаларға жатпайды;
- 19) тәуелсіз сарапшы – (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтерді қоспағанда) мүлікті бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіпке сәйкес сол орган тіркеуге алған жеке немесе заңды тұлға;
- 20) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.
- 1.6. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері әрі Сақтандырылушыға да, әрі Пайда алушыға да теңдей шамада қолданылады. Сақтандырылушының немесе Пайда алушының сол міндеттерді орындамауы – ол міндеттерді Сақтанушы орындамаған кездегідей салдарға әкеп соқтырады.
- 1.7. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

- 2.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзіне тиесілі, Сақтандыру шартында көрсетілген су көлігін пайдалануының нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды өтеу туралы белгіленген міндетіне байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүліктік мүддесі – сақтандыру нысаны болып табылады.
- 2.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) иелік ету, пайдалану, билік жүргізу құқығындағы өзіне тиесілі су көлігін пайдалану кезіндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – сақтандыру мәні болып табылады.
- 2.3. Егер Сақтандыру шарты заңды тұлғамен жасалған болса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушыға, Сақтанушының өкімімен су көлігін пайдаланатын, Сақтандыру шартында көрсетілген жұмыскерлеріне қолданылады. Сақтанушы – заңды тұлға Сақтандыру шартында соларға қатысты сақтандыру жүргізілетін басқа да заңды және жеке тұлғаларды көрсетуге құқылы.

Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалған болса, онда Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсеткен және аталған су көлігін заңды негізде пайдаланушы тұлғалардың ғана, сондай-ақ Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

3.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Тараптардың келісімімен белгіленеді.

3.2. Сақтандыру шартымен келесілер белгіленуі мүмкін:

1) жауапкершіліктің ортақ лимиті, атап айтқанда Сақтандыру шартының бүкіл қолданыс кезеңі үшін барлық сақтандыру жағдайлары бойынша төленген барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы сол лимиттен аспауы тиіс;

2) әр сақтандыру жағдайы бойынша немесе бір оқиғаның нәтижесінде жағдайлар сериясы бойынша жауапкершілік лимиті.

3.3. Жауапкершілік лимиттері Тараптардың келісімімен белгіленеді. Бір сақтандыру жағдайы немесе бір оқиғаның нәтижесінде сақтандыру жағдайларының сериясы бойынша сақтандыру төлемдері Сақтандыру шартында белгіленген жауапкершілік лимиттерінің аспауы тиіс.

3.4. Сақтандыру шартында төменде көрсетілгендерге зиян келтіргені үшін жекелеген жауапкершілік лимиттерін белгілеу де қарастырылуы мүмкін:

1) жәбірленушілердің өміріне және/немесе денсаулығына – Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде орын алған бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір, бірнеше немесе жиынтығында барлық тұлғалардың;

2) Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде орын алған бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша әрбір, бірнеше немесе жиынтығында барлық тұлғалардың мүлкіне.

3.5. Сақтандыру шарты бойынша франшиза қарастырылады, оның түрі мен мөлшері Тараптардың келісімімен анықталады және не сақтандыру сомасының пайызымен, не болмаса, абсолютті мөлшерде белгіленеді.

3.6. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен, немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді және Сақтандыру шартында көрсетіледі.

3.7. Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі әрқандай жағдайда да сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есептесу жағдайлары, тәртібі және шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

4.2. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіпте төлейді.

4.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеу Сақтандырушының Сақтандыру шартының қолданысын тоқтату (уақытша тоқтату) құқығын туындатады. Бұл орайда сақтандыру сыйлықақысының бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды.

4.4. Сақтандыру шарты бір жылдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын бір жылдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0

3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

4.5. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасы кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын шегеріп қалуға құқылы.

4.6. Сақтандырушы төлену тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілеу кезінде тәуекел факторларына қарай базалық сақтандыру тарифтеріне арттыратын және төмендететін коэффициенттерді пайдалануға құқылы: кемеңің шығарылған жылы, пайдалану мақсаты, сақтандыру аумағы және т.с.с.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартында көрсетілген су көлігін пайдаланудың нәтижесінде жәбірленуші деп танылған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу факті – сақтандыру жағдайы деп танылады. Бұл орайда Сақтандыру сомасы Сақтанушы таңдаған сақтандыру өтемінің түрлері бойынша белгіленеді:

- 1) су көлігі иесінің үшінші тұлғалардың (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда) алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;
- 2) су көлігі иесінің жолаушылардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;
- 3) су көлігі иесінің жүк иелерінің алдындағы (жүк үшін) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;
- 4) су көлігі иесінің қоршаған ортаны ластағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі;
- 5) су көлігі иесінің жоғарыда көрсетілген тармақшалардың әрқандай комбинациясындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі.

5.2. Сақтандыру жағдайында ықтималдық және кездейсоқтық белгілері болуы тиіс. Зиянның туындау себебі әдейі жасалған сипатта болмауы тиіс.

5.3. Сақтанушының кез келген заңға қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

5.4. Осы Ереже бойынша Сақтанушы немесе Сақтандырылушы келтірген тікелей мүліктік және физикалық зиян ғана өтеуге жатады.

5.5. Осы Ережеде және қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыға Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде және сақтандыру аумағында орын алған барлық жағдайлар бойынша жауапкершілік артылады.

5.6. Сақтандыру шартында бір данадан көп кемеңі пайдалану кезіндегі жауапкершілік қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл Ереженің шарттары әр кемеге жеке-жеке қолданылады.

5.7. Стандартты өтеу – кемеңің тағайындалуына сәйкес рұқсат етілген бағыттар бойынша жүк және жолаушылар тасымалы үшін кемелердің рейстерді орындауы кезіндегі тәуекелдерді өтеуді қарастырады.

5.8. Қосымша өтеулер кемеңі арнайы пайдаланудағы тәуекелдерді өтеуді қарастырады:

- 1) жоғары дәрежедегі қауіппен байланысты арнайы рейстерді орындау кезінде, атап айтқанда: сынамааларға, рекордтар жасауға, техниканы көрсетуге арналған, қызметкерлерді үйретуге арналған, патрульдеу кезінде, өртпен күресу, су көлігінен бір нәрселерді шашуға және т.с.с. арналған рейстер;
- 2) порт шекарасында сүйреуді қоспағанда, кез келген тасымалдау құралының көмегімен су кемесін тасымалдау кезінде.

5.9. Сақтандырудың арнайы шарттары – радиацияның және радиоактивті ластаудың әсерінен тәуекелдерді және осы Ережемен негізгі немесе қосымша шарттармен сақтандыру кезінде өтелетін тәуекелдердің қатарынан шығарып тасталатын соғыс, ұрлап айдап әкету және басқа судағы қауіптердің тәуекелдерінен өтемақы төлеуді қарастырады. Кемені сақтандырудың арнайы шарттары Сақтандыру шарттының ерекше шарттарына енгізіледі және Сақтандырушының ақпараттық қамтамасыздығы арнайы режимінде әрекет етеді.

5.10. Су көлігі иелерінің үшінші тұлғалардың (жолаушылар мен жүк иелерін қоспағанда) алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттары: Егер ондай зиянды және (немесе) залалды су кемесі немесе су кемесінен құлаған кез келген тұлға немесе зат келтірген болса, Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес немесе сот шешімі бойынша үшінші тұлғаларға денсаулығына (денеге келген зақымдар, жарақаттар), өміріне зиян және мүлкіне залал келтіргені үшін өтеуі тиіс өтемақыны төлеудің салдарынан келген шығындарды Сақтандырушы Сақтанушыға төлеуге міндеттенеді.

5.11. Су көлігі иесінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттары:

1) Сақтандырушы төменде көрсетілген жағдайларда, Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес немесе Сақтандыру шарты бойынша (Сақтанушы қосымша сыйлықақы төлеген жағдайда) залал үшін жолаушыларға өтеуі тиіс өтемақыны төлеудің салдарынан Сақтанушының шығындарын өтеуге міндеттенеді:

а) су кемесіндегі болған жолаушыларға, сондай-ақ су кемесінің жағаға таяуы немесе жағадан жөнеуі кезінде жолаушыларға дене зақымдарын, жарақаттар (өмірге қауіпті) келтіру;

б) сақтандыру жағдайының нәтижесінде жолаушылардың жүктерін және/немесе қолындағы бұйымдарын жоғалту немесе оларды зақымдау.

2) 5.10. тармақта көзделген шарттар бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің басталуының міндетті талаптары:

а) кеме кемежайға айлақтаудан бұрын Сақтанушы жолаушылардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келу тәуекелін болдырмау немесе азайту үшін барлық қажет шараларды қолдануға міндетті;

б) егер тасымалдау шарттары бойынша көзделген болса, жолаушы кемеге отырмастан бұрын оған билет және багаж түбіртегін лайықты түрде рәсімдеу және жолаушыға беру.

5.12. Су көлігі иесінің жүк иелерінің алдындағы (жүк үшін) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің талаптары:

1) Сақтандырушы төменде көрсетілген жағдайларда, Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес немесе Сақтандыру шарты бойынша (Сақтанушы қосымша сыйлықақы төлеген жағдайда) залал үшін су көлігі иесіне өтеуі тиіс өтемақыны төлеудің салдарынан Сақтанушының шығындарын өтеуге міндеттенеді:

а) Сақтанушыға Су көлігімен тасымалдау туралы шарт бойынша жауапкершілік артылған мүлікке залал келген, немесе

б) егер ондай Шарт болмаса, мүлік су кемесінде болған кезде немесе су кемесіне жүктеу (кемеден түсіру) кезінде мүлікке (жүкке) залал келген, оған қатысты белгіленген лимит үстінде арнайы декларация жасалады.

Көрсетілген сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында көзделген шекті жауапкершілік көлеміне және франшизаға сәйкес төленеді.

2) 32-тармақ бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің басталуының міндетті талаптары:

а) Жүкті тиеуден алдын Сақтанушы жүкке залал келуді болдырмау немесе залалды азайту үшін барлық қажет шараларды қолдануға міндетті;

б) егер тасымалдау шарттары бойынша қарастырылған болса, жүкті су кемесіне жүктеуден бұрын жүктің иесіне жүкқұжатын немесе басқа құжаттарды лайықты түрде рәсімдеу және беру.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген жағдайларда орын алған болса сақтандыру төлемі төленбейді:

- 1) кеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынған мақсаттарда немесе Сақтандыру шартында көрсетілмеген мақсаттарды пайдалану;
- 2) егер апат жағдайымен немесе форс-мажор жағдайымен байланысты болмаса, кеменің Сақтандыру шартында көрсетілген географиялық аумақтан (сақтандыру аумағы) тыс жерде болуы;
- 3) кемені басқаруға өкілеттігі және (немесе) құқығы жоқ тұлғалар басқарса;
- 4) кемежайдың аумағында сүйреуді қоспағанда, кез келген көлікпен тасымалдау;
- 5) егер апат жағдайымен немесе форс-мажор жағдайымен байланысты болмаса, су кемесінің осы түріне арналған талаптарға сай келмейтін кемежайға кеменің келуі немесе кемежайдан кетуі;
- 6) кеме шамадан тыс жүк алған және (немесе) жолаушылардың жалпы саны кемелердің осы түріне арналған жолаушылардың максималды санынан асып кеткен немесе жүк тиеудің шекті нормалары немесе кемені орталықтау ережелері бұзылған;
- 7) мұндай рейске басшылық рұқсат берген және Сақтандырушымен келісілген жағдайды қоспағанда, рейсті ақаулы күй-жайда жүзеге асыру;
- 8) су кемесін күрделі жөндеуден немесе апаттан кейінгі жөндеуден соң оның жүзуін сынауға шықса.

6.2. Егер оқиға келесілердің салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық деп танылған жағдайда;
- 2) Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған және Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлаған жағдайда.

6.3. Стандартты және қосымша өтеу радиацияның және радиоактивті ластаудың әсерінен келген тәуекелдерді, соғыс басталу, ұрлап айдап әкету және басқа да қауіптерден туындайтын тәуекелдерін өтемақы төлеуді қарастырмайды.

6.4. егер төменде көрсетілген жағдайлар орын алса, олар сақтандыру жағдайларына жатпайды және сақтандыру төлемдері төленбейді:

- 1) адамның денсаулығына, өміріне қандай да бір зиян немесе мүлкіне залал иондаушы радиацияның немесе радиоактивті ластанудың тікелей немесе жанама түрде әсер етуінің нәтижесінде туындаған жағдай;
- 2) Сақтанушының қандай да бір жауапкершілігі тікелей немесе жанама түрде иондаушы радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсерінен туындаған жағдай.

6.5. Егер залалдар төменде көрсетілгендердің салдарынан туындаса, ол залалдар өтелмейді:

- 1) соғыс, интервенция, шетелдік дұшпандардың актілері, әскери әрекеттер (соғыс жариялау арқылы немесе соғыс жарияламай), азаматтық соғыс, бүлік, революция, көтеріліс, әскери жағдай немесе билікті заңсыз басып алу, немесе билікті заңсыз басып алу әрекеттері;
- 2) ядролық және/немесе термоядролық құралдардың немесе басқа да ұқсас реакциялармен немесе радиоактивті күштермен немесе материалдармен кез келген жарылысы;
- 3) ереуілдер, бұзақылықтар, азаматтық бағынбаулар немесе өндірістік тәртіпсіздіктер;
- 4) саяси немесе террористік мәндегі қандай да бір әрекеттер;
- 5) кез келген түрдегі қорқыту актілері, саботаж немесе диверсия;
- 6) тәркілеу, мемлекет меншігіне алу, тыйым салу, бас бостандығынан айыру, жымқыру, меншік құқығында немесе пайдалану үшін немесе қандай да бір (азаматтық, әскери немесе нақты билік жүргізіп жатқан) үкіметтің немесе қоғамдық немесе жергілікті биліктің өкімімен реквизициялау;
- 7) су көлігін немесе рейстегі экипажды ұрлап айдап әкету немесе заңсыз басып алу, немесе күшпен бақылау (сондай басып алуға немесе бақылауға кез келген талпынысты қоса).

6.6. Сонымен қатар, су кемесінің жоғарыда аталған қауіптердің бірінің себебінен Сақтанушының бақылауынан тыс болған кезде туындаған залал өтелмейді. Су кемесі Сақтанушыға, Сақтандыру

шартында көрсетілген географиялық аумақтағы кемежайға кейіннен рейстерге шығуға болатындай толығымен ақаусыз сәтті қайтқан жағдайда, Сақтанушының бақылауына оралған болып саналады (егер су кемесі тұрақжайда өшіріліген қозғалтқышпен және үшінші тараптардың қандай да бір мәжбүрлеуінсіз сондай жағдайда тұрған кезде су кемесі сәтті оралған болып саналады).

6.7. Су көлігі иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі 37-тармақта көрсетілген тәуекелдер бойынша қосымша сыйлықақы үшін арнайы шарттармен сақтандырылуы мүмкін.

6.8. Сақтанушыға жүктелген және ондай келісім болмаған жағдайды қоспағанда, жолаушы билеті, жүк түбіртегі, тауар жүкқұжаты және т.с.с. басқа кез келген келісім бойынша Сақтанушы қабылдаған жауапкершілікке немесе Сақтанушы мәлімдеген құқықтарға қатысты Сақтандыру шарты жарамсыз болады.

6.9. Егер Сақтанушы – жеке тұлға болатын болса, Сақтанушының отбасы мүшелеріне залал келген жағдайда Сақтандырушының жауапкершілігі қолданылмайды.

6.10. Сақтандырушы Сақтанушыға төменде көрсетілген жағдайларға байланысты талап-арыздар бойынша жауапты болмайды:

1) төменде аталған тұлғалардың денсаулығына зиян (денесіне зақым, жарақаттар, өміріне қауіпті және басқа да) және мүлкіне залал келтіруге байланысты:

а) Сақтанушы еңбек міндеттерін немесе Сақтанушымен жасалған тиісті Шарттармен қарастырылған міндеттерді орындау кезінде және орындау барысында Сақтанушымен еңбек немесе Шарт бойынша қатынастарда тұратын кез келген тұлғаға;

б) кемеңі пайдалануға байланысты өз міндеттерін орындау кезінде қызмет көрсететін экипаждың немесе техникалық персоналдың кез келген мүшесіне;

в) Сақтанушыға тиесілі немесе Сақтанушыға тапсырылған немесе Сақтанушының пайдалануында болған кез келген меншікке;

2) төменде аталғандардың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде туындаған немесе орын алған залалдар бойынша сақтандыру төлемдері өтелмейді:

а) шудың (адамның құлағына естілетін немесе естілмейтін), дірілдің, акустикалық шудың және/немесе соларға ұқсас басқа да құбылыстардың әсері;

б) кез келген ластанудың немесе жұқтырудың;

в) электр немесе электромагниттік бөгеуілдердің әсері;

г) меншікке келген залал (рейс кезінде кемеңі басқарудағы ақаулардан болған жарылыстың, соқтығысудың немесе апаттық жағдайдың нәтижесінде туындаған немесе орын алған залалды қоспағанда);

3) су көлігі иесінің жолаушылардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға қолданылатын ерекше жағдайлар:

а) төменде аталған тұлғалардың денсаулығына (денесіне зақым, жарақаттар, өміріне қауіпті және басқа да) және мүлкіне залал келтіруге байланысты Сақтанушыға қойылған талап-арыздар бойынша:

б) Сақтанушымен жасалған тиісті Шарттарда көзделген жұмысты атқару кезінде және салдарынан немесе міндеттерді орындау кезінде Сақтанушымен еңбек немесе Шарт бойынша қатынаста болған кез келген тұлға;

в) су кемесін пайдалануға байланысты қызмет көрсететін экипаждың немесе техникалық персоналдың өз міндеттерін орындау кезінде солардың кез келген мүшесі;

4) төменде аталған тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге байланысты Сақтанушыға қойылған талап-арыздар бойынша су көлігі иесінің жүк иелерінің алдындағы жауапкершілігін сақтандыруға ғана қолданылатын ерекше жағдайлар:

а) кез келген жолаушы;

б) жүктің жойылуына немесе бұзылуына (кебу, сулану, шіру, өздігінен жану және т.с.с.) әкеп соқтыруы мүмкін температураның, ылғалдың немесе жүктің ерекше сипаттары мен табиғи сапасына әсер етуінің салдарынан;

в) сыртқы қорабы бүтін бола тура, жүктің жетіспеуі түрінде;

г) құрттардың, кеміргіштердің, жәндіктердің және т.б. зақымдауынан;

д) жүкті су кемесіне тиеу орнына жеткізу кезінде және су кемесінен түсіруден кейін;

е) тасымалданатын жүктің бағасы төмендеуінің салдарынан.

- 6.11. Сақтандыру төменде аталған жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы:
- 1) Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана әрекеттері;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайымен тікелей себепті байланысты қылмыс жасағанда;
 - 3) техникалық персонал рейс бойынша басшылықтың немесе басқа да басшылыққа алатын құжаттардың талаптарын өрескел бұзуы, егер ол бұзылымдар сақтандыру жағдайының басталуына себеп болып табылса;
 - 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объекті, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және сақтандыру жағдайының салдары және залалдың мөлшері туралы әдейі жалған мәліметтерді бергенде;
 - 5) Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайынан келген залалды азайту шараларын қасақана қолданбағанда;
 - 6) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуының мән-жайларын зерттеуде және келген залалдың мөлшерін анықтауда Сақтанушы кедергілер келтіргенде;
 - 7) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға осы Ережемен немесе сақтандыру шартымен белгіленген тәртіп пен мерзімдерді бұзып хабарлағанда;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда.
- 6.12. Егер Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес залал келтіргені үшін жауапкершілік артылатын тұлғаларға Сақтандырушының кері талап қою құқығын қамтамасыз ету үшін қажет шаралар қолданбаған болса, Сақтанушы сақтандыру төлемін алу құқығын жоғалтады.
- 6.13. Егер Сақтанушы сақтандыру жағдайынан келетін залалдың алдын алу үшін шара қолданбаған болса және соның салдарынан залалдың мөлшері артса, онда Сақтанушы сол қосымша залалдың сомасында сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтуға құқылы.
- 6.14. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес немесе осы Ереже бойынша Сақтанушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын мән-жайлар анықталса, онда ол алған сақтандыру төлемінің сомасын Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

- 7.1 Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан астам мерзімге жасалуы мүмкін.
- 7.2 Сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) Сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннің ертесі күнгі сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.
- 7.3 Егер Сақтандыру шартында көрсетілген кеме сақтандыру мерзімі аяқталған сәтте сапарда (рейсте) болатын болса, онда Сақтандыру шартымен бұрын белгіленген сақтандыру мерзімі сол кеме алғашқы аялдаған сәтке дейін ұзартылады.
- 7.4 Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру төлемін төлеу кезінде Сақтандыру шарты мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру төлемін төлеу сәтіндегі сақтандыру сомасымен франшизаны есепке ала отырып, төленген сақтандыру төлемінің (төлемдерінің) арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасында қолданыста болады.
- 7.5 Сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының шегінде кеме пайдалану аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру аумағы ұлғайтылуы да, кішірейтілуі де мүмкін. Сақтандыру аумағы Сақтандыру шартында (полисте) көрсетіледі.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 8.1 Сақтандыру шарттары Сақтандырушы белгілеген нысанда (№2 Қосымша) толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын (№3 Қосымша) Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінің осы су көлігін пайдалануға құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге, Сақтанушының су көлігін пайдалануға қатысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және

сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық жағдаяттар туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады.

8.2 Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға әдейі жалған мәліметтерді бергені анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген санкцияларды қолдануға құқылы.

8.3 Сақтандыру шарты жазбаша түрде келесідей жасалады:

1) тараптар Сақтандыру шартын жазбаша жасайды;

2) Сақтанушыны Сақтандыру біржақты тәртіпте әзірлеген үлгілік Сақтандыру ережесінің шарттарына қосады және Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру полисін береді.

8.4 Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін. Сақтандырушы себептерін түсіндірместен Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

8.5 Егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайларда орын алған және өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы шұғыл түрде Сақтандырушыға хабарлайды.

8.6 Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

8.7 Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы осы Ереженің шарттарымен көзделген тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

8.8 Сақтандыру шартын (полисті) жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының (полистің) бланкісін дайындау және оның дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.9 Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға артылады. Сақтандыру шартының жекелеген шарттарының толық болмауының салдарынан Шарт бойынша дау туындаған жағдайда, ол дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталу нәтижесінде Пайда алушыға келтірілген зиян (залал) мөлшерінде, бірақ франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып, Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан (жауапкершілік лимитінен) аспайтын сомада төленеді.

9.2. Сақтанушы залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жұмсаған шығындарды, егер ондай шығындар қажет болған болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, қолданылған тиісті шаралар сәтсіз болғанына қарамастан, Сақтандырушы өтеуі тиіс. Аталған шығындар нақты мөлшерлерде өтеледі, бұл орайда сақтандыру төлемі мен шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындарды Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсаған болса, онда сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

9.3. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

9.4. 1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық деп танылған әрекеттері;

9.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандырушы залалдың мөлшерін жүргізген тексерудің және өзі жасаған калькуляцияның негізінде, сақтандыру жағдайы басталған сәттегі

сақтандыру сомасын есепке ала отырып белгілейді. Тараптардың әрбірі бастамашы Тараптың есебінен тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы.

9.6. жәбірленушінің денсаулығына және өміріне зиян келтіргені үшін залал (Сақтандыру шартында айтылған сома (жауапкершілік лимиті) көлемінде) келесідей мөлшерлерде белгіленеді:

1) еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан бүкіл кезең үшін жәбірленген тұлға өмірі мен денсаулығына зиян келудің нәтижесінде жалпы еңбекке қабілеттігін тұрақты немесе уақытша жоғалтудың салдарынан айырылған жалақысының мөлшерінде;

2) жәбірленуші тұлға қаза болған жағдайда, соның асырауындағы немесе Қазақстан Республикасының және Сақтанушы сол елдің аумағында зиян келтірген мемлекеттердің заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленетін кезең үшін асырауға жалақы алуға құқығы бар жұмысқа қабілетсіз тұлғалар айырылған жалақының бөлігі мөлшерінде;

3) жәбірленуші қаза болған жағдайда оны жерлеуге жұмсалатын шығындардың мөлшерінде.

9.7. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген залалдар нақты келтірілген залалдың мөлшерінде, бірақ Сақтандыру шартында айтылған сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде өтеледі.

9.8. Залалдардың туындау себептеріне немесе олардың мөлшерлеріне қатысты Сақтанушы мен Сақтандырушының арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптардың әрбірі сараптама өткізуді талап етуге құқылы. Сарапшының қызметі үшін сараптама тағайындаған Тарап төлем жасайды.

9.9. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру төлемін төлегеннен кейін Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі төленген төлемнің шамасына азайтылады.

9.10. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талапты Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға жазбаша түрде, сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды қоса ұсыну арқылы білдіреді.

9.11. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеуді талап етуге құқылы адам), сондай-ақ Сақтанушы немесе жәбірленушіге (зиянды өтеуді талап етуге құқылы адамға) келтірілген зиянды осы Сақтандырушының Сақтандыру шартында белгіленген жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға пайда алушы болып табылады.

9.12. Егер Сақтанушы келтірген зиян, оны келтіргені үшін кінәлі болған үшінші тұлғалардың тарапынан ішінара өтелуге жатса, Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген жағдайда, Сақтандырушы төленуі тиіс толық сома мен зиян келтіргені үшін кінәлі тұлғадан өндіріп алынуы тиіс сома арасындағы айырмашылықты ғана өтейді. Сақтанушы аталған тұлғалардың болуы туралы және сол тұлғалардан өндіріп алынуы тиіс төлем сомалары туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

9.13. Жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қараудың және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шекті мерзімі Компанияға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

9.14. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат не ұсынылған құжаттарға мәліметтер талап етіледі, ұйым сақтанушыны (сақтандырылушыны, пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

9.15. Бұл ретте басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған құжаттарды қараудың шекті мерзімі күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

9.16. Егер мемлекеттік органдардан қосымша ақпарат алу және (немесе) Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын, сондай-ақ келген залалдың мөлшерін анықтауға бағытталған шараларды жүзеге асыру талап етілсе, Сақтандырушы шешім қабылдау мерзімін үш айға ұзартуы мүмкін, бірақ ол жөнінде Сақтанушыға хабарлауы тиіс.

9.17. Келесідей жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы:

1) егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың шынайылығына уәжді күмәні болса – қажет құжаттар ұсынылғанға дейін;

2) егер тиісті орган Сақтанушыға (Сақтандырылушыға), оның жұмыскерлеріне немесе уәкілетті тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғаған болса және залалдардың келуіне әкеп соқтырған мән-жайларды тергеу жұмыстары жүргізіліп жатса – тергеу жұмыстары аяқталғанға дейін.

9.18. Егер сақтандыру жағдайы бойынша тиісті органдар қылмыстық іс қозғаған болса, сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.19. Сақтанушы осы Сақтандыру ережесіне сәйкес залалдар бойынша Сақтандырушыға өтелуі тиіс барлық өтемақылар туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге міндетті.

9.20. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлайды.

9.21. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген талап қою мерзімі ішінде Сақтанушыны (Пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан толығымен немесе ішінара айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтанушы (Пайда алушы) алған сақтандыру төлемін (оның тиісті бөлігін) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

1) құзыретіне қарай тиісті органдарға (ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметі органдары, жедел медициналық жәрдем қызметі, ТЖ, апат қызметі және т.б.) сақтандыру жағдайы және жәбірленген тұлғалар турады хабарлауға;

2) шұғыл түрде, бірақ сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;

3) қалыптасқан жағдаятта ықтимал залалдың алдын алу немесе азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шаралар, оның ішінде мүлікті құтқару және жәбірленген адамдарға көмек көрсету шараларын, сондай-ақ кінәлі тарапқа талап қою құқығын қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдануға;

4) қандай да бір төлемдер жасамауға, залалдарды ерікті түрде өтеу туралы уәде бермеуге, сақтандыру жағдайы бойынша оған қойылған талаптарды ішінара немесе толығымен мойындамауға, сондай-ақ Сақтандырушымен келіспейінше аталған талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама түрдегі міндеттемелерді өзіне қабылдамауға;

5) зақымданған мүлікті Сақтандырушы сол мүлік сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қандай күйде болса, тура сондай күйде тексергенге дейін ол мүліктің сақталуын қамтамасыз ету шараларын қолдануға (егер ол шаралар қауіпсіздік мүддесіне немесе залалды азайтуға қайшы келмесе);

6) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен басқа да мән-жайларға дербес зерттеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

7) сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы және салдары, келген залалдың сипаты мен мөлшері туралы өзіне қолжетімді барлық ақпаратты (қажет жағдайда – жазбаша түрде) және құжаттарды, сонымен қатар коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді Сақтандырушыға беруге;

8) зиянды өтеу туралы талап қойылғаны немесе талап-арыз берілгені жайында өзіне белгілі болған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға.

10.2. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.

10.3. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Келесі құжаттар сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар болуы мүмкін:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) Сақтандырушы белгілеген формадағы өтініш;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келген залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар;
- 4) тәуелсіз сарапшы әзірлеген, келген зиянның мөлшерін бағалау туралы құжаттар – егер сондайлар болса;
- 5) Пайда алушының зиянды өтеуге құқығын растайтын құжат;
- 6) Пайда алушының (жеке тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;
- 7) келген залалдарды өтеу туралы сот шешімі (қаулысы, үкімі);
- 8) Үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда келесілер қоса ұсынылады:
 - а) келген зиянның факті мен мөлшерін растайтын құжаттар (денсаулық сақтау ұйымы берген жәбірленушінің еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама немесе мамандандырылған мекеме берген жәбірленушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтаманың лайықты түрде куәландырылған көшірмесі (егер мүгедектік белгіленген болса), өмірі мен денсаулығына зиян келтіргенін растайтын басқа да медициналық құжаттар, медициналық қызметтер үшін төлем жасауға қойылған шоттар, фискалды құжаттар және т.с.с.);
 - б) жәбірленуші қаза болған жағдайда, жәбірленушінің қаза болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 9) үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірілген жағдайда келген зиянның факті мен мөлшерін растайтын құжаттар қоса ұсынылады (коммерциялық актілер, жүкқұжаттар, негізгі құралдар кітабынан үзінді көшірмелер, мүлікті тәуелсіз бағалау актілері және т.с.с.);
- 10) Пайда алушының наразылығы;
- 11) Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында жұмсаған шығындарды растайтын құжаттар (егер болса);

11.2. Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттар тізімін қысқартуға немесе егер сол құжаттардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, (Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен және Сақтандыру шартын жасаған/полисті рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған) Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережесінде айтылған қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

11.3. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге қабылданған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдаған дата көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.4. Сақтанушы осы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспеген құжаттар туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

11.5. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе тиісті органдарға сауалхатты өзі дербес жіберуге құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;
- 3) осы Ережеде қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

- 4) Сақтандырушы және (немесе) тәуелсіз сарапшы әзірлеген келген залалдың мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеулермен танысуға;
- 5) Сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тарту туралы шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға;
- 7) егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

12.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелінің басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) заңнамамен белгіленген өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, су көлігін пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелерін, басқа да нормативтік актілерде сақтауға;
- 4) басқа қолданыстағы Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) сақтандыру тәуекелінің күй-жайы туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге;
- 6) егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір ықпал етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау кезінде хабарлаған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы шұғыл түрде Сақтандырушыға хабарлауға;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 8) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны өзіне белгілі болған сәттен бастап шұғыл түрде, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде қолжетімді тәсілдермен (ауызша, жазбаша) Сақтандырушыға хабарлауға. Ауызша хабарлама жазбаша расталуы тиіс. Сақтанушы мен Сақтандырылушы бір тұлға болмаған жағдайларда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлау міндеті Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) дәлелді себептермен жоғарыда аталған әрекеттерді орындай алмаған болса, оны құжаттармен растауы тиіс;
- 9) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде қалыптасқан жағдайда ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шаралар, оның ішінде мүлікті құтқару және жәбірленген тұлғаларға көмек көрсету бойынша шаралар қолдануға;
- 10) құзыретіне сәйкес тиісті органдар мен ұйымдарға (ішкі істер органдарының бөлімшелеріне, мемлекеттік өрт сөндіру қызметтері органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, ТЖ, апат қызметтеріне) оқиға және жәбірленген тұлғалар туралы хабарлауға.

12.3. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

12.4. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын толтыру кезінде және сақтандыру төлемін төлеу кезінде Сақтанушы ұсынған құжаттар мен ақпараттардың шынайылығын тексеруге, сондай-ақ Сақтандыру шартының ережелерін сақтауды талап етуге;
- 2) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактін куәландыратын, сондай-ақ залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды талап етуге;
- 3) сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайлары өзі дербес зерттеуге және Сақтанушы берген құжаттар мен дәлелдемелерді тексеруге; құзырлы органдардан сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды, сондай-ақ залалдардың себептері мен мөлшерін анықтау үшін қажет мән-жайлар туралы деректерді сұратуға;
- 4) Сақтанушының әділетсіз іс-қимылдарының белгілері анықталған (айқындалған) кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберіп, уақытша

тоқтатқан күннің ертесі күнінен бастап тиісті тексеріс жүргізу туралы көрсетіп, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;

5) Сақтанушының тапсырмасы бойынша, Пайда алушыға қойылған талап-арыздарға қатысты Сақтанушының атынан сотта істерді жүргізуді өзіне алуға. Алайда, Сақтандырушының ол әрекеттері – оның сақтандыру төлемін төлеу бойынша өз міндеттерін мойындағын деп саналмайды;

6) осы Ережеде қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

7) осы Ережеде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын білдіруге;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

12.5. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға, Сақтанушыға сақтандыру шарттарын, оның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, мерзімдерде және тәртіпте төлеуге (немесе төлеуден бас тартуға);

4) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жетіспейтін құжаттар туралы оларға хабарлауға;

5) Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның дубликатын беруге;

6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

7) Сақтанушы сақтандыру жағдайы кезінде залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жұмсаған шығындарды оған өтеуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

12.6. Пайда алушы құқылы:

1) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

2) сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды Сақтанушының орнына жинауға және оларды Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасаған Сақтандырушыға ұсынуға;

3) Сақтандырушы және (немесе) тәуелсіз сарапшы әзірлеген келген залалдың мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеулермен танысуға;

4) Сақтандыру шартымен көзделген тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;

5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;

2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;

3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.

4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы: 1) істі жүргізуге арналған шығыстарды қоса алғанда, өзінің шығыстарын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25% -ы мөлшерінде өтеуді; 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.8. Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан Сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.9. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0

8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.10. Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.13. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14..1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті.

14..2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14..3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1. Сақтанушы Сақтандырушыда су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру тәуекеліне қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

15.2. Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін екі жақты сақтандырған кезде әр Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

15.3. Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2. Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Ереженің шарттарымен жасалған Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

17.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын;
- 2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.
- 3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:
 - а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
 - б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
 - в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
 - г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
 - д) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.6. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның

Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

17.8. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.9. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.